Бекітемін
“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке
балабақша меңгерушісі:
А.С.Зиеденова

«Бала дамуындағы ата–ананың рөлі»

/Ата-аналарға арналған кеңес/

Тәрбиеші: Н.Б.Мухамбетова

2025 жыл

3–6 жас аралығындағы даму ерекшеліктері

1. Танымдық даму
-Ойлау қабілеті қарқынды дамиды: салыстыру, топтастыру, себеп–салдарды түсіну.
-Назар тұрақтылығы артады (10–15 минут).
-Есте сақтау қабілеті күшейеді — өлең, ертегі, тапсырмаларды жақсы есте сақтайды.
-Әлемді зерттеуге құштар, сұрақтары көбейеді («неге?», «қалай?»).
2. Тілдік даму
-Сөздік қоры өседі, сөйлемдері күрделене түседі.
-Оқиға құрастырып айту, сұраққа толық жауап беру қабілеті қалыптасады.
-Құрдастарымен тіл арқылы қарым-қатынас жасауды меңгереді.
3. Әлеуметтік даму
-Балалар ереже бойынша ойнауды, кезек күтуді, бөлісуді үйренеді.
-Достық қарым-қатынас қалыптасады.
-Топта өзін ұстау, пікір білдіру мәдениеті дамиды.
4. Эмоциялық даму
-Өз эмоцияларын түсіну қажет, бірақ толық басқара алмайды.
-Эмпатия — басқаның сезімін түсіну қабілеті дами бастайды.
-Жаңа жағдайға бейімделу кейде қиынға соғуы мүмкін.
5. Физиологиялық даму
-Қимыл-қозғалыс дағдылары жетіледі: жүгіру, секіру, тепе-теңдік.
-Ұсақ моторика қалыптасып, жазуға дайындығы артады.
-Жүйке жүйесі әлсіз болғандықтан, тез шаршайды, көңіл-күйі тез өзгереді.

Тәрбиеші кеңесі : Ата-ананың рөлі

1. Тұрақты күн тәртібін сақтау
   Ұйқы, тамақ, серуен, ойын уақыты жүйелі болуы керек.
   Тәртіп тұрақтылығы — баланың жүйке жүйесін нығайтады.
2. Баламен сапалы қарым-қатынас
   Күніне кемінде 15–20 минут баламен жеке уақыт өткізу: оқу, әңгіме, ойын.
   Балаға зейін бөлу — өзін бағалауын көтереді.
3. Тілін дамытуға қолдау
   Күн сайын кітап оқу.
   Сурет көрсетіп, сұрақ қою: «Не көріп тұрсың?», «Қалай ойлайсың?»
   Телефон, мультфильм уақытын шектеу.
4. Эмоцияны басқаруға үйрету
   Бала ренжісе немесе ашуланса — жазаламау, түсіндіру.
   «Сен қазір ренжіп тұрсың, бұл қалыпты» деп сезімін атау.
   Тыныс алу жаттығуларын бірге жасау.
5. Қимыл-қозғалыс әрекетін күшейту
   Күнделікті серуен, қозғалыс ойындары.
   Ұсақ моторика: сурет салу, жапсыру, құммен, су-мен ойын.
6. Тәртіп пен дербестікке тәрбиелеу
   Ойыншық жинау, киіну, үстел жинауға жеңіл тапсырмалар беру.
   Өзін-өзі күту дағдысын қолдау — балабақшаға дайындайды.
7. Балабақшамен байланыс
   Тәрбиешімен үнемі байланысып, дамуы туралы ақпарат алмасып отыру